

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Химия
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Органикалық қосылыстардың құрылыс теориясының негізін қалаушы ғалым

- A) А.М. Бутлеров
- B) А. Кекуле
- C) Д.К. Мендалиева
- D) Г.Д. Закумбаева
- E) Ә.Б. Бектұров

2. Органикалық заттардың шығу көздері

- A) мұнай
- B) аппатит
- C) сильвинит
- D) ізбестас
- E) карниолит

3. Нәруыздардың басқа да аталуы

- A) протеиндер
- B) полисахаридтер
- C) карбон қышқылдары
- D) альдегидтер
- E) көмірсутектер

4. Нәруыздар қандай қышқылдардың қалдығынан құралған

- A) α -аминқышқылы
- B) β -аминқышқылы
- C) жоғары май қышқылы
- D) қарбон қышқылы
- E) бейорганикалық қышқыл

5. Минералдық тыңайтқыштарды қолдану барысындағы дұрыс тұжырымдардың бірі

- A) топырақтың құнарлығын арттыру
- B) топырақтағы арам шөптермен күресу
- C) топырақтағы зиянкес жәндіктермен күресу
- D) құрылыс материалы ретінде қолдану
- E) медициналық дәрі-дәрмек ретінде қолдану

6. Метиламинді $[\text{CH}_3\text{NH}_3]\text{Cl}$ қосылысына айналдыратын реагент

- A) Cl_2O_3
- B) HCl
- C) Cl_2
- D) Cl_2O_5
- E) HClO_4

7. Диаминге мысал бола алатын амин

- A) $\text{C}_2\text{H}_5\text{NH}_2$
- B) $\text{H}_2\text{N}-\text{CH}_2-\text{CH}_2-\text{NH}_2$
- C) CH_3NH_2
- D) NH_3
- E) $\text{H}_2\text{N}-\text{CH}_2-\text{CH}_2-\text{COOH}$

8. $\text{C}_4\text{H}_{11}\text{N}$ формуласына сай барлық аминдер изомерлер саны

- A) 2
- B) 3
- C) 4
- D) 0
- E) 5

9. Аминдер ауада жанғанда түзілетін өнімдер

- A) CO_2 , H_2O , N_2
- B) CO_2 , H_2O , N_2O
- C) CO_2 , H_2O , N_2O_3
- D) CO_2 , H_2 , N_2
- E) C , H_2O , N_2

10. Этилформиат алу үшін қажет реагенттер жұбы

- A) құмырсқа қышқылы, этанол
- B) сірке қышқылы, этанол
- C) сірке қышқылы, метанол
- D) құмырсқа қышқылы, метанол
- E) май қышқылы, метанол

11. Сірке қышқылының 70-80%-дық ерітіндісі

- A) сірке эссенциясы
- B) абсолютті спирт
- C) ректификат
- D) формалин
- E) жеміс қанты

12. Сірке альдегидін тотықтырғанда алынатын қосылыс

- A) этанол
- B) диэтил эфирі
- C) сірке қышқылы
- D) этиленгликоль
- E) этаналь

13. Сірке альдегидін тотықсыздандырғанда алынатын қосылыс

- A) этанол
- B) пропаналь
- C) сірке қышқылы
- D) этиленгликоль
- E) этаналь

14. Сірке альдегидінің басқа да аталуы

- A) этаналь
- B) этанол
- C) сірке қышқылы
- D) ацетон
- E) диэтил эфирі

15. Ацетилен бромның бір молекуласын қосып алғанда түзілетін галоген туынды

- A) 1,2-дибромэтен
- B) 1,1,2,2-тетрбромэтан
- C) 1,2-дибромэтин
- D) 1,2-дибромбутен
- E) 1,1,2,2-тетрабромбутен

16. Алкиндерді сапалық анықтауға мүмкіндік беретін реагенттер жұбы

- A) $\text{KMnO}_4/\text{H}_2\text{O}$ және Br_2 (бром суы)
- B) Cl_2 және Br_2 (бром суы)
- C) $\text{KMnO}_4/\text{H}_2\text{O}$ және Cl_2
- D) $\text{KMnO}_4/\text{H}_2\text{O}$ және H_2
- E) Cl_2 және H_2

17. Ацетиленмен толық әрекеттесуге бромның қандай массасы қажет

- A) 640 г
- B) 630 г
- C) 650 г
- D) 620 г
- E) 530 г

18. Sp^3 -гибридтелген орбитальдардың арасындағы бұрыш

- A) $109^{\circ}28'$
- B) 180°
- C) 120°
- D) $120^{\circ}28'$
- E) $180^{\circ}28'$

19. α -аминқышқылдарын поликонденсациялау арқылы алынған полимер

- A) полипептидтер
- B) полисахаридтер
- C) полиэтилен
- D) фенолформальдегидтік шайыр
- E) эбонит

20. Алмаспайтын аминқышқылы

- A) глицин
- B) сірке қышқылы
- C) триптофан
- D) мүсәтір спирті
- E) аммиак

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Микробиология
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Адамның жұмысқа қабілеттілігі жоғары болатын уақыт
 - A) жұмыс уақытының ортасында
 - B) еңбек уақытының соңында
 - C) жұмыс күнінің басында
 - D) тәулік бойы
 - E) түнгі уақытта

2. Адамның жұмыс орындағы маңызды фактор
 - A) үзіліс уақытының болуы
 - B) үздіксіз еңбек ету
 - C) үзіліссіз еңбектену
 - D) үзіліске уақыт берілмеу
 - E) тоқтамай еңбек ету

3. Бөлмедегі температураны сақтау режимі
 - A) ауаны алмастыру
 - B) салқындату
 - C) мұздату
 - D) жылыту
 - E) сапалық көрсеткішіне жеткізу

4. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жұмысшылары медициналық зерттеулерден өту керек
 - A) 3 айда 1 рет
 - B) 6 айда 1 рет
 - C) 12 айда 1 рет
 - D) 2 жылда 1 рет
 - E) 3 жылда 1 рет

5. Қызметкерлердің еңбек қызметін растайтын және бірыңғай үлгіде толтырылатын құжат
 - A) кәсіподақтық билет
 - B) еңбек кітапшасы
 - C) жеке еңбек шарты
 - D) еңбек туралы заң
 - E) ұжымдық шарт

6. Қызметкерлердің еңбек міндеттерін орындамауымен байланысты, оған зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінен туындаған ауру түрі

- A) өндірістік ауру
- B) кәсіби жарақат
- C) шамалы жарақат
- D) созылмалы ауру
- E) кәсіби ауру

7. Тағамдық өндіріс қызметкерлерінде болу қажет құжат түрі

- A) еңбек заңнамасы
- B) зачет кітапшасы
- C) медициналық кітапша
- D) қауіпсіздік ережесі
- E) өрт қауіпсіздік ережесі

8. Кәсіпорындағы еңбектің тәртіптелуі

- A) еңбек туралы заңмен
- B) кәсіпорын жарғысымен
- C) ішкі еңбек тәртіп ережесімен
- D) жеке еңбек шартымен
- E) еңбек заңнамасымен

9. Жұмыс атқарушыларға қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуіне жол бермейтін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар мен құралдардың жүйесі

- A) электр қауіпсіздігі
- B) техника қауіпсіздігі
- C) еңбек гигиенасы
- D) өрт қауіпсіздігі
- E) өндірістік санитария

10. Кәсіпорындардағы қауіпті факторлардың жұмысшыларға әсер етуіне байланысты жағдай

- A) бақытсыз жағдай
- B) тұрмыстық жарақат
- C) шамалы жарақат
- D) жарақат
- E) кәсіби ауру

11. Техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігіне кіретін ұғым

- A) санитарлық
- B) ұйымшылдық
- C) гигиеналық
- D) техникалық
- E) құқықтық

12. Гигиена және еңбек санитариясы жағдайында өндірістік жарақаттануы

- A) өндіріс орнында адам ағзасынның жарақаттануы
- B) өндірістен тыс адамның жарақаттануы
- C) адам өз үйінде жарақат алуы
- D) адамның жұмыс уақытынан тыс ауырып қалуы
- E) көшеде қасақана жарақат алып қалуы

13. №9 диета ұсынылады

- A) гепатитте
- B) қант диабетінде
- C) гастритте
- D) асқазан ойық жарасында
- E) туберкулезде

14. №1 диета ұсынылады

- A) ішектің қабыну аурулары кезінде
- B) бауыр мен өт жолдарының ауруы кезінде
- C) қант диабетінде
- D) асқазанның ойық жарасы және гастрит кезінде
- E) бүйрек аурулары кезінде

15. Ішек инфекцияларының қоздырғыштарының қоршаған ортада сақталу уақыты

- A) аз уақыт
- B) сақталмайды
- C) тез өледі
- D) ұзақ уақыт
- E) бірден өледі

16. Адамға малдан берілетін тағамдық инфекциялық ауруларының берілу жолы

- A) сүт және ет тағамдары арқылы
- B) көкөністер арқылы
- C) су арқылы
- D) жеміс-жидектер арқылы
- E) тері арқылы

17. Микроорганизмдердің тіршілігі барысында бір-біріне келтіруі

- A) мутуализм
- B) паразитизм
- C) комменсализм
- D) синергизм
- E) симбиоз

18. Электрон доноры ретінде бейорганикалық заттарды пайдаланылатын бактериялар

- A) хемолитотрофтылар
- B) фототрофтылар
- C) сапротрофтылар
- D) хемоорганотрофтылар
- E) органотрофтылар

19. Ағзаны А,D,E дәрумендермен, фосфатидтермен, полиқанықпаған май қышқылдармен қамтамасыз ететін және серпінділік, энергетикалық қызмет атқаратын зат

- A) майлар
- B) амин қышқылдар
- C) көмірсулар
- D) гормондар
- E) ферменттер

20. Ағзаның өсіп-жетілуіне, тұз- су алмасуына қатысатын, қышқылдық негіздік тепе-теңдікті қалыптастыратын заттар

- A) майлар
- B) дәрумендер
- C) минералды заттар
- D) гормандар
- E) ферменттер

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары орналасуы қажет

- A) күн жақсы түсетін жерде
- B) ауаны ластайтын өндіріс орындарынан алшақ жерде
- C) зауыттардың жанында
- D) жанармай бекеттері жанында
- E) күн нашар түсетін жерде
- F) фабрикалардың қасында

22. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жұмысшыларының жеке гигиенасы

- A) санитарлық ережелерді сақтау
- B) гигиеналық талаптарды ұстану
- C) кәсіпорын жарғысын орындау
- D) еңбек заңнамасына өзгеріс енгізу
- E) жеке еңбек шартын құрастыру
- F) техникалық қауіпсіздік ережесіне жаға талаптар енгізу

23. Емдік тамақтану

- A) барлық адамдарға ұсынылатын тамақтану
- B) ауырған адамға ұсынылатын тамақтану
- C) адамның ерекшелігіне байланысты ұсынылатын тамақтану
- D) ерекшелігі жоқ тамақтану
- E) күнделікті ұсынылатын тамақтану
- F) емдеу мақсатында ұсынылатын тамақтану
- G) ауырмаудың алдын алу мақсатында ұсынылатын тамақтану

24. Адам ағзасында жүретін зат алмасу процестері

- A) дилатация
- B) ассимиляция
- C) транскрипция
- D) диссимиляция
- E) стерилизация
- F) дератизация

25. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жұмысшылары қолдарын жарақаттаған кезде пайдаланады

- A) сусабынды
- B) глицеринді
- C) сабынды
- D) жақпа майды
- E) бриллиантты жасылды
- F) сутегі асқын тотығын
- G) ұнтақты

26. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жұмысшылары қолдарын шаю керек

- A) дезинфекциялық ерітінділермен
- B) глицеринмен
- C) сабынмен
- D) жақпа маймен
- E) бриллиантты жасылмен
- F) сутегі асқын тотығымен

27. Еңбек орындарында қауіпсіз жұмыс жасау үшін

- A) қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет
- B) қауіпсіздік ережелері қажет емес
- C) қондырғылармен жұмыс жасау ережелерін сақтау керек
- D) санитарлық ережелерді сақтау қажет
- E) ережелер мен талаптардың қажеті жоқ
- F) кәсіпорын жарғысын орындау қажет

28. Еңбек орындарында қолданылатын гигиеналық іс-шаралар, нормалар және ережелер бағытталады

- A) еңбек етушінің жұмысқа қабілеттілігін арттыруға
- B) еңбек етушінің денсаулығын сақтауға
- C) еңбек өнімділігін арттыру үшін
- D) жағымсыз микроклиматтық жағдайлар жасау үшін
- E) еңбек өнімділігін төмендету үшін
- F) жұмысқа қабілеттілікті төмендетуге

29. Тағамдарды аспаздық өңдеудің физиологиялық маңызына жатады

- A) тағамның дәмдік сапасы
- B) тағамдық құндылығы
- C) тағамның сіңірілуі
- D) тағамдық құнсыздығы
- E) тағамның тез өтуі
- F) тағамның тез бұзылуы

30. Тағамдық өнімдерді тасымалдайтын көліктерде міндетті болуы қажет құжаттар

- A) сапасы туралы сертификат
- B) жасалу уақыты көрсетілген құжат
- C) реализация уақыты көрсетілген құжат
- D) көлік номері жазылған құжат
- E) жүргізушінің аты жазылған құжат
- F) қай жерде дайындалғаны туралы құжат

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Табиғатта микроорганизмдер кең тараған. Оларға абиотикалық факторлармен қатар биотикалық факторларда әсер етеді. Табиғатта олар өзара байланысты және бір-біріне тәуелді. Микробтарға климаттық факторлар мен ортаның физикалық-химиялық жағдайлары әсер етеді, Биосфераның абиотикалық компоненттері организмдер тіршілігін тежеп немесе реттеп отырады. Ортаның нақты компоненттерінің жетіспеуі және артық болуы микроорганизмдердің өсуін тежейді, болмаса лимиттейді.

31. Зең саңырауқұлақтарының дамуына қажетті оптимальды температура көрсеткіші

- A) 15⁰C
- B) 0⁰C
- C) 37⁰C
- D) 50⁰C
- E) -6⁰C

32. «Салқын сүйгіш» микроорганизмдер

- A) ацидофилдер
- B) термофилдер
- C) мезофилдер
- D) алколофилдер
- E) психрофилдер

33. Басқа микробтардың өсуін тежейтін немесе тоқтататын микроорганизмдер бөліп шығаратын заттар

- A) ферменттер
- B) витамин
- C) антибиотиктер
- D) фитонцидтер
- E) антиденелер

34. Микробтарға зиянды әсер ететін және оларды жоятын өсімдіктер бөлетін заттар

- A) антибиотиктер
- B) фитонцидтер
- C) хлорамин
- D) витамин
- E) антисептик

35. Микробтарға зиянды әсер ететін және оларды жою үшін қолданылатын химиялық қосылыстар

- A) антисептиктер
- B) ферменттер
- C) антибиотиктер
- D) фитонцидтер
- E) сілтілер

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Паразит құрттар адам және жануар ағзасына түскен кезде түрлі аурулар тудырады. Аурулардың аталуы құрттардың аттарына байланысты болады. Ауруды жұқтырудың басты себебі гигиена ережелерін сақтамау болып табылады. Бұндай аурулардан сақтану жолы тазалық сақтау болып саналады. Ішек құрттарының улары ішек қызметін бұзады, аллергия тудырады, зат алмасуға әсер етеді, іш жүрмей қалады. Тамақ өнеркәсібі, тамақ дүкендері, балалар мекемелеріндегі қызметкерлерді жүйелі түрде тексеріп тұру қажет.

36. Эхинококк личинкасы адамда зақымдайды

- A) тері, бүйрек, көзді
- B) ми, өкпе, бауырды
- C) қол, аяқ, омыртқаны
- D) бүйрек, жүрек, миды
- E) өкпе, асқазан, теріні

37. Ішек құрт ауруларының профилактикасына жатпайды

- A) жеке бас гигиенасын сақтау
- B) көкөніс, жеміс-жидектерді жуып жеу
- C) малдың етін және сүтін жақсы пісіріп қолдану
- D) суды қайнатып пайдалану
- E) тағамдық рационға көңіл бөлу

38. Гельминтоздардың балаларда жиі кездесетін түрі

- A) шошқа цепені
- B) сиыр цепені
- C) лямблиоз
- D) аскаридоз
- E) трихинелла

39. «Солитер» атауы бар ішекқұрт ауруы

- A) описторхис
- B) эхинококк
- C) сиыр және шошқа цепені
- D) трихенелла
- E) аскаридиоз

40. Ішек құрт ауруларына қарсы препараттар

- A) антигельминттер
- B) антибиотиктер
- C) гормондар
- D) стероидтар
- E) витаминдер

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.